

«Келісілді»

Кәсіподақ төрағасы

 А.К.Танжарыкова



Мектеп директоры

 С.З. Акылжанова

## **Мектеп автобусында жол жүру кезіндегі қауіпсіздік ережелері бойынша КЖОМ оқушыларына арналған нұсқаулық**

### **1. Сапар алдында, түсу және сапар кезінде қауіпсіздік талаптары**

1.1. Тасымалдың басында оқушылар міндетті:

- тасымал кезіндегі қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өтуге;
- көлік жүретін жолға шықпай, тиісті жерде автобустың келгенің күту;
- асықпай, тәртіп ережесін, кезекті ұстанып, отыру жеріне жиналу;
- алып жүрушінің өкімі бойынша отырғандардың тексеруінен өту;
- қарсы келе жатқан автобусқа шықпау.

1.2. Автобус толық тоқтағаннан кейін, еріп жүрушінің командасы бойынша асықпай және итерместен салонға кіру, отыруға арналған орынды алу. Алғашқы болып автобус салонына ең үлкен оқушылар кіреді, олар салонның жүргізушісінен алыс жерде орын алады.

1.3. Жол жүру кезінде оқушылар тәртіпті, ұқыптылықты ұстану керек. Тасымал кезіндегі барлық ескертулерді алып жүрушілерге хабардар етулері керек.

1.4. Оқушыларға тыйым салынады:

- жүруге арналған жерді сөмкелермен, портфельдермен жауып тастауға;
- орнынан тұрып, жүргізушінің назарын сөздермен, айқаймен қаратуға;
- өтірік шу көтеруге;
- қажетсіз дабыл батырмасын басуға;
- әйнекті, желдеткіш люкті ашуға;

Орындықтарды, өзге де заттарды бұзуға.

### **2. Авариялық жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары**

2.1. Нашар болған жағдайда немесе жарақат алған кезде бірден алып жүрушіге хабар беру.

2.2. Авариялық жағдайлар туындаған кезде (өрттің техникалық ақауы және т. б.) жүргізушінің нұсқауы бойынша автобус тоқтағаннан кейін

балалар еріп жүрушінің басшылығымен тез және үрейсіз автобусты тастап, жолдың жүру бөлігіне шықпастан қауіпсіз қашықтыққа кетуі тиіс.

### **3. Жол жүру аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары**

3.1. Жол жүру аяқталған соң, оқушы міндетті:

- автобус толық тоқтаған соң және еріп жүрушінің рұқсатымен автобустан асықпай шығу. Бірінші болып автобустың алдында отырғандар шығады;
- еріп жүрушінің өкімі бойынша тексерістен өту;
- автобус кеткенге дейін түсіру орнынан кетпеу.